

BlackBerry құпиялық саясаты

BlackBerry Limited және оның еншілес компаниялары мен филиалдарында (“BlackBerry”) жеке адамды идентификациялайтын (тиісті құпия мен деректерді қорғау заңдарында белгіленгендей) ақпарат болып табылатын сіздің жеке ақпаратыңызды қорғау мен оған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде ұзақ істеп келе жатқан саясат бар.

Құпиялық саясат сіздің жеке ақпаратыңызды жинау, өңдеу, жіберу, сақтау не жария ету, BlackBerry еншілес компаниялары мен филиалдары өзінің жеке құпиялық саясатын басып шығарған жағдайды қоспағанда, сіздің жеке ақпаратыңызды өңдеу жөнінде BlackBerry тәжірибесін түсіндіреді. Осыған қоса, BlackBerry–ның әдейі өнімі, қызметі не веб-торабына (“BlackBerry Ұсынысы”) қатысты шарттары немесе ескертулерін, BlackBerry–ның сіздің жеке ақпаратыңызды («Ескерту») өңдеу жөнінде қосымша ақпаратты қамтамасыз ете алдады. Осы құпиялық саясаты қолдану, барлық тиісті заңдарға, кез келген соттар не заңды өкімдердің заңнамалары, ережелер немесе шешімдер, басқа заңды талаптар мен сот процесстерін қосқанда қолданылатын заңдарға бағынып қалады. Сіздің жеке ақпаратыңызға қатысты деректерді бақылаушы ол сіз онымен шартқа отырған BlackBerry тұлғасы.

1. BlackBerry жауапкершілігі

BlackBerry, BlackBerry-ның атынан үшінші жаққа ілгері жіберілген жеке ақпаратты (яғни оның қызмет көрсетушілері) қосқанда, оның бақылауындағы жеке ақпаратқа жауапты.

2. BlackBerry-нің жеке ақпаратыңызды қолдану мақсаттары

Сіз BlackBerry ұсынысын қолданғанда, BlackBerry-мен хат алысқанда, BlackBerry демеушілік еткен жарысқа қатысқанда немесе қалай болмасын BlackBerry-мен қатынас жасағанда, BlackBerry сіздің жеке ақпаратыңызды келесі мақсаттармен қолдана алады:

- сіздің мүдделеріңіз бен қалауларыңызды орындау үшін және сізді BlackBerry ұсыныстарымен қамтамасыз ету үшін, мысалы:
 - BlackBerry ұсыныстары жөнінде шот жіберу, белсендіру, дайындау, іске қосу, қолдау, ақаулықтарды жою, таласты шешу, белсендіруді жою, жөндеу, қалпына келтіру, ауыстыру, жаңарту үшін;
 - BlackBerry ұсыныстары техникалық тұрғыдан ойдағыдай жұмыс істейтнін көз жеткізу үшін және мәселелерді танып ақаулықтарын жою үшін;
 - BlackBerry ұсыныстарына қолданылатын Ескертулерді орындау және өңдеу үшін;
 - сіздің талаптарыңызға жауап беріп оларды басқару үшін;
- жаңа BlackBerry ұсыныстарын дамытып және ағымдағы BlackBerry ұсыныстарын сізбен олар жөнінде түрлі тәсілдерді қолдануды жайында қатынасуды, мысалы оны қол жетімді етіп не сізге жіберуді қосқанда жақсарту үшін:
 - жаңартулар не жаңартулар туралы ескертпелер немесе BlackBerry ұсыныстарының не үшінші жақтардың мазмұнының не оған қатысты өнімдер, қызметтер және бағдармалық жасақтамалардың жаңартулары;
 - жарнамалар мен келе жатқан оқиғалар туралы ескертпелер;
- бизнес пен әрекеттерімізді басқару және дамыту үшін, мысалы:
 - BlackBerry мүлігін қорғау үшін немесе айлакерлік немесе техникалық немесе қауіпсіздік мәселелерді болдырмау үшін талпыну немесе байқау, зерттеу, азайту;
 - бизнестің жалғасуына не апаттық жағдайларда қалпына келтіру жұмыстарын мүмкін ету;
 - BlackBerry заңды құқықтарын жүзеге асыру;

- статистика мақсаттарымен;
- заңды және заңнама талаптарын орындау және төтенше жағдайларға жауап беру, мысалы:
 - сот шешімдеріне, бұйрықтарына немесе басқа заңды талаптар немесе сот процесстеріне жауап беру;
 - сіздің не басқалардың өміріне не физикалық қатерсіздігіне қауіп тұуы мүмкін жағдайларда жедел көмек көрсету; не
- ескертулерде белгіленген секілді, сіз оған келіскен кез келген басқа мақсаттармен және кез келген тиісті заңдар рұқсат ететін немесе талап ететін мақсаттармен.

3. Сіздің келісіміңіз

BlackBerry ұсыныстарын қолдану алдында, сізді BlackBerry-нің сіздің жеке ақпаратыңызды өңдеу жөнінде қосымша ақпараты бар тиісті Ескертумен келісесіз бе деп сұрауы мүмкін. Сіз Ескертуге келісіміңізді бергеніңіз не BlackBerry ұсыныстарын қолданғаныңыз BlackBerry-ге идентификациялау мақсатымен сіздің жеке ақпаратыңызды өңдеуге келіскеніңізді білдіреді

а) **Келісімді талап етпейтін жағдай**

Ерекше жағдайларда, сіздің жеке мәліметтеріңіз, юрисдикцияға не кез келген тиісті заңдарға байланысты сіздің келісіміңізсіз өңделуі мүмкін. Мысалы, BlackBerry келісімді талап етпейтін жағдайлар:

- адамның өмірі, денсаулығы не қатерсіздігіне қауіп төніп тұрған төтенше жағдайда;
- Заңды, медициналық не қауіпсіздік тұрғыдан келісім алу мүмкін болмаса не пайдасыз болса;
- мәліметтер айлакерлікті анықтауға не оны болдырмауға керек жағдайларда;
- жария ету BlackBerry-ның ресми заңгеріне керек болса;
- қарызды жинау үшін;
- сотқа шақыру қағазын, бұйрық немесе басқа сот шешімдерін, заңды талаптар не заңды процесстерді орындау үшін; не
- заң қалайда болмасын талап ететін не рұқсат ететін мүмкін жағдайларда

б) **Балалар**

BlackBerry біле тұрып 13 жасқа толмаған балалардың олардың әке-шешесінің не заңды өкілінің келісімісіз жеке мәліметтерін өндемейді.

в) **Топтастырылған немесе жасырын мәліметтер**

BlackBerry-ның жеке адамға қатысты не оған сілтеме берілмеген топтастырылған немесе жасырын мәліметтерді өндеуге, сатуға, сауда етуге немес жалға беруге құқығы бар.

4. Өңделетін мәліметтер түрі

BlackBerry өңдейтін мәліметтер түрлері көп. Мысалы:

- а) **Тіркелгі және мүшелік туралы ақпарат:** Өңделетін мәліметтерге сіздің атыңыз, пошталық мекен-жайыңыз, электрондық пошта, телефон нөмірі, BlackBerry Id, құрылғыны идентификациялайтын мәлімет, сіздің BlackBerry PIN-нің, қызметтерді қамтамасыз етушіңіздің эфирлық уақыты жөнінде мәлімет, BlackBerry-мен қарым-қатынас және кез келген жазылған шағымдарды қосқанда жатады. Сондай-ақ өзіңіз қолданатын BlackBerry ұсыныстарын оңай жасау

үшін BlackBerry өзіңіз қамтамасыз еткен тіркелгі мәліметтеріңізді, құпия сөздер, профайл мәліметтері және тағы басқа мәліметтерді өңдей алады

б) **Қолдану:** Кейбір жағдайларда, BlackBerry үшінші жақтарды қосқанда (яғни қызметтерді қамтамасыз

етушінің эфирлық уақытын не бағдарлама дамытушысын қосқанда, олар BlackBerry ұсыныстарына

қатысты қолданылуы мүмкін бірақ ұсынылмаған, BlackBerry өңдейтін не қолдайтын, бағдарламалар,

өнімдер, қызметтер, бағдармалық жасақтама, веб-тораптары не үшінші жақ қамтамасыз еткен мазмұн) сіздің құрылғыңызда қолданылатын бағдарламалар туралы мәліметтерді өңдеуі мүмкін.

Сонымен қоса, егер сіз өзіңіздің BlackBerry тіркелгіңізден не құрылғыңыздан үшінші жақтың ұсыныстарын қолданамын деп тандасаңыз, қамтамасыз етілген қызметтер мен жұмыс істеуін оңай ету немесе жақсарту үшін белгілі мәліметтер үшінші жаққа не үшінші жақтан BlackBerry-ге жарияланады.

в) **Бұлттарға негізделген немесе сақтық көшірмесі жасалатын деректері:** Егер сіз BlackBerry не оның

атынан қамтамасыз ететін бұлттарға негізделген немесе сақтық көшірмесі жасалатын және қалпына келтіретін қызметті қолдансаңыз, контакттар, электрондық пошта мекенжайы, күнтізбе, ескерту, есептер, дисплей суреттері, күй туралы хабар, медиа файлдары және басқа құрылғыдағы мәліметтерді қосқанда сіздің құрылғыңыздан не тіркелгіңізден алынған мәліметт BlackBerry-ге пайдалануды оңай етуге немесе жақсартуға, қашықтан басқаруды және қамтамасыз етілген қызмет арқылы құрылғыңыздағы сол деректерді қалпына келтіру үшін жіберілуі мүмкін.

г) **Cookie-лар немесе технологиялар:** Cookie ол сіз веб-торабына кіргенде сіздің компьютеріңізге не құрылғыңызға қотарылатын кішкентай мәтін файлы не деректер үзіндісі.

Cookie-лар содан соң оларды шығарған немесе оларды таныған басқа веб-тораптарына қайтадан жіберіледі. BlackBerry кейде BlackBerry ұсыныстарының бөлігі ретінде, Cookie-лардың көп түрлерін не ұқсас

технологияларды («Cookie-лар») қолдануы мүмкін. Белгілі Cookie-лар сіздің BlackBerry ұсыныстарын

қолдануыңызды оңай етіп не жақсарту үшін (сіз сауда кәрзеңкесін пайдаланған кездегідей) немесе сізді де, BlackBerry-ді де сіз белгілі қызметтерге кіргенде (әр кезде сіз BlackBerry

ұсыныстарын

қолданғыңыз немесе кіргеніңізді растағаныңыз келгенде оны оңай ету үшін сіздің тіркелгі деректеріңізді сақтау секілді) **керекті**. Кейбір Cookie-лар көбірек пайдаланушылар BlackBerry ұсыныстарын қалай қолданатынын білу үшін талдау не мәтінмәндік мақсаттар секілді **өнімділікке**-қатысты, сөйтіп біз жаңа және жақсартылған BlackBerry ұсыныстарын (мысалы қандай беттер не мүмкіндіктер кең таралған) қамтамасыз ете аламыз. Кейбір Cookie-лар көбірек **жетелерге**-қатысты және сіздің тәжірибеңізді жекелендіруге көмектеседі және BlackBerry ұсыныстарын қолдануды ойнайырақ етеді (сіздің тіліңіз не юрисдикция қалаулары секілді) немесе BlackBerry-ге

жекелендірілген

мазмұнды сізге көрсетуге көмектеседі. Басқа Cookie-лар немесе ұқсас технологиялар **бағытталған жарнама** мақсаттарымен (мысалы, белгілі BlackBerry ұсыныстары жарнамадан келген табыстармен

қолданылады және ол BlackBerry жинаған белгілі адамға қатыспайтын жекелендірітен төлсипаттарға не

топтарға қарсы бағытталуы мүмкін жарнаманы көрсетеді және BlackBerry немесе біздің қызметтерді

қамтамасыз етушілеріміз осындай жарнаманы BlackBerry ұсыныстарына қоса алады) қолданылуы мүмкін. BlackBerry ұсыныстарын қолдану жөніндегі топтастырылған немесе жасырын мәліметтер қызметтерді қамтамасыз етушілерімізге дәл сізді талдау қызметтердің бөлігі ретінде танымайтын түрде қамтамасыз етуі және онлайн жарнаманы басқаруға көмектесуі мүмкін. Браузерлердің көбісі басынан Cookie-ларды қабылдайды деп орнатылған, бірақ сіз әдетте Cookie-ларды болдырмау үшін

немесе Cookie жіберілгенде оны көрсететіндей браузердің параметрлерін өзгерте аласыз. Сіз браузердегі параметрлерді қолданып браузердің Cookie-ларын алып тастап не бұғаттай аласыз, бірақ сіз кейбір BlackBerry ұсыныстарын көре алмайсыз, өйткені ол дұрыс істемеуі мүмкін немесе қалауыңыз бойынша Cookie-ларды мүлдем өшіріп тастай аласыз. BlackBerry-ның Cookie-ларды қолдануын басқару жөнінде көбірек мәлімет алу үшін төмендегі «Қалауларыңызды басқару» тарауына барыңыз.

е) Қаржы мәліметтері: Егер сіз өнімді, қызметті, бағдармалық жасақтаманы не тұтынушыны қолдау қызметтерін тікелей BlackBerry-нан не қызметтерді қамтамасыз етушілерімізден сатып алсаңыз, BlackBerry

несие карта не басқа төлем туралы мәліметті өндей алады және оны шот жіберу және несие қызметтерін оңай ету үшін және несие чектерін өңдеу үшін қолдана алады. Сонымен қатар, сіз BlackBerry

құрылғыңызда Жақындағы Өріс Байланыстар жетелігін қолданған кезде BlackBerry төлем не басқа қаржы

мәліметтерін өндей алады.

ж) Ортақ қолданыстағы деректер: Кейбір жағдайда, бағдармалық жасақтама мен жабдықтың техникалық сипаттамалары және ортақ қолданыстағы деректер секілді мәліметтер BlackBerry ұсыныстарымен бірге сіз осындай өнімдер, қызметтер және бағдармалық жасақтаманы қолданған кезде (мысалы, веб-торап браузері, веб-беттеріне сілтеп не олардан шығу, амалдық жүйе нұсқасы немесе құрылғыңыздың жабдық моделі не жеке компьютер платформасы, IP мекенжайы) немесе сіз BlackBerry ақаулықтарды жою құралын қолданған кезде (мысалы негізгі қолдануы статистикасы немесе журналдар, бағдарламалар теңшелімі, батареялар өмірі, радио не Wi-Fi сигнал деңгейлері, құрылғыны ысыру не жүйенің жұмысы туралы мәлімет) өңделуі мүмкін.

з) Орын туралы мәлімет: BlackBerry ұсыныстарын қолданған кезде, деректер қызметін өшіріп тастап,

браузер не құрылғыңыздағы орынға-негізделген жетелікті қолданыңыз, құрылғыңызға байланысты орын туралы мәлімет (мысалы Дүниежүзілік Позициялау Жүйесі (GPS) немесе ұқсас спутниктік антеннаның триангуляция мәліметін, тасымалдаушы не мұнара ID, BSSID (Broadcast Service Set Identifier) және Wi-Fi қатынас орнының MAC мекен-жайы (Media Access Control мекен-жайы) және көрінетін Wi-Fi-дың ереншеңберлер немесе сымсыз мұнаралар сигналының күші BlackBerry-ге немесе

қызметтерді қамтамасыз етушілерімізге жіберілуі мүмкін. BlackBerry сізді осындай мәліметпен қамтамасыз етуді және орынға-негізделген қызметтерді жақсарту үшін қамтамасыз етуі мүмкін (мысалы салғастыру қызметтері, қозғалыстың шамадан тыс жүктелуін өлшеу, орын есебімен жасалатын жарнама және купондар). Егер сіз орынға-негізделген қызметтерді қолдануды таңдасаңыз, сіз сондай географиялық орын туралы мәлімет сізге қызмет көрсетілу үшін өңделуі мүмкін екеніне келісесіз. Сіз құрылғыңыздағы параметрлер арқылы құрылғыңыздың GPS-сі үшін жалпы параметрлерін немесе орын жетелігін немесе әр бағдарлама үшін жеке параметрлерді басқара аласыз. Егер сіз басқа адамдарға не тұлғаларға орныңызды жария ету үшін орынға-негізделген қызметтерді қолдануды немесе басқа бағдарламаларды таңдасаңыз, соның нәтижесінде пайда болатын қауіп үшін жауапкершілікті өзіңізге аласыз және оны дұрыс және заң негізінде қолдану сіздің жауапкершілігіңізге жатады. Егер сіз орынға-негізделген қызметтерді қамтамасыз ететін үшінші жақтың ұсынысын қолдансаңыз, сіздің орныңыз туралы және жеке мәліметтеріңіз қалай өңделетіні жайында үшінші жақтың талаптары мен шарттарын және құпиялық саясатын және үшінші жақ қамтамасыз ететін кез келген орынға-негізделген қызметтер мен жарнамадан қалай бас тартуды қарап шығыңыз.

и) бақылау және тұтынушыға қызмет көрсету: сіздің тұтынушыға қызмет көрсету телефоныңыз BlackBerry арқылы қоңырау соғады және талаптарыңызды бағыттауға көмектесу, ақаулықтарды жою,

оқыту және трендтерді анықтау үшін сараптамалар секілді сапаны бақылау және тұтынушыға қызмет көрсету мақсатымен BlackBerry ұсыныстарын жақсарту үшін BlackBerry-нің қызметтерді қамтамасыз

етушілері жазылуы не бақылануы мүмкін.

к) Үшінші жақ туралы мәлімет. Егер BlackBerry-нің идентификациялау мақсаттарын орындау қажет

болса, BlackBerry сіз BlackBerry-ге жіберген мәліметті басқа көздерден немесе үшінші жақтар ұсыныстарынан

алынған ақпарат мәліметтерімен араластыруы мүмкін. Мысалы, BlackBerry сіз туралы жеке ақпаратты

үшінші жақтардан сізге қызметтерді қамтамасыз етушілердің секілді эфирлық уақытынан алынатын өнімдер, қызметтер, бағдармалық жасақтама сіз баратын веб-тораптарды қамтамасыз етуде қатысатын сіз пайдаланатын, кейде үшінші жақтың ұсыныс жеткізушінен сіздің құрылғыңызда қолданылатын бағдарламалар жайында сымсыз қызметтерді жақсарту үшін алуы мүмкін. BlackBerry барлық осындай жеке мәліметтерді осы құпиялық саясат және BlackBerry және басқа үшінші

жақтар арасындағы талаптар мен жағдайлар бойынша, басқасы болса оны да қарастырады.

Дегенімен, мұндай жағдайда үшінші жақтардың өздігінен сіздің жеке мәліметтеріңізді қолдану, сіздің үшінші жақтармен жасалған шарт (тар) бойынша, сол үшінші жақ BlackBerry-нің қызметтерді

қамтамасыз етушісі болмаса жасалады.

Кейбір мәліметтер өздігінен сізді BlackBerry алдында идентификацияламайды немесе жеке идентификациялатын мәлімет бола алмайды сондықтан жеке емес мәлімет болып табылады. Егер BlackBerry осындай кез келген жеке емес мәліметті BlackBerry-ге қол жетімді басқа жеке мәліметпен араластырса, араластырылған мәліметтер осы құпиялық саясат бойынша жеке мәлімет ретінде қолданылады.

5. BlackBerry-нің сіздің жеке мәліметіңізді өңдеу

а) Сақтау

BlackBerry жеке ақпаратты BlackBerry-нің идентификациялау мақсаттарына жету үшін немесе қалай болмасын тиісті заңдарға бағындыру үшін алады. Жеке мәлімет BlackBerry-нің идентификациялау мақсаттарына немесе тиісті заңдарға сай немесе бұдан былай керек емес немесе маңызды болып табылмаса BlackBerry оны жою, бұзу, алып тастау, топтау не белгісіз жасау үшін шара қолданады. Жақсы бизнес тәжірибені тұтып, BlackBerry мәлімет үшін біздің бақылауларды, кестелерді және тәжірибелерді дамытуын жалғастырады және сіздің жеке мәліметтеріңізге қолданылатын сақтау мен жоюды жазады.

б) Халықаралық әрекеттер және ілгері жіберілетін тасымалдау

BlackBerry халықаралық деңгейде тараған, оның түрлі юрисдикцияларда кеңселер мен жабдықтары бар. BlackBerry еншілес компаниялары мен филиалдарының жеке құпиялық саясаты бар жағдайларды қоспағанда, барлық BlackBerry-нің халықаралық әрекеттері мен ілгері жіберілетін тасымалдаулары осы құпиялық саясатқа бағынады.

Сіз, сізге жақсырақ қызмет ету үшін және BlackBerry ұсыныстарының қолдануын не жұмыс істеуін оңай ету үшін, түрлі юрисдикцияларда Канада, Құрама Штаттары, Еуропа экономикалық аймақ, Сингапур және кез келген басқа елдерді қосқанда, сіз тұратын жерден тыс тұруы мүмкін және олардың басқа құпиялық не деректерді қорғау заңдары болып сондықтан сол елдердің заңдарына бағынатын елдерді қосқанда сіздің жеке мәліметтеріңіз жиналуы, пайдалануы, өңделуі, тасымалдануы немесе оны BlackBerry сақтауы не ол оның атынан сақталуы мүмкін деп келісесіз.

Бизнесіміздің халықаралық негізі бар деп, BlackBerry сондай-ақ сіздің қарым-қатынастарыңызды және ол жерде BlackBerry, қызметтерді қамтамасыз етушілеріміз, филиалдар мен деректер орналасқан елдің заңдарына бағынатын басқа мәліметтерді қосқанда сіздің қарым-қатынастарыңызды жария етіп не қалай да болмасын оларды қол жетімді етуге мәжбүр болуы мүмкін.

в) BlackBerry ұсынған маркетингілік байланыс

BlackBerry сізге, сіз оны BlackBerry құрылғыңыз немесе бірегей идентификаторыңызбен (мысалы PIN) бірлестірілген электрондық пошта мекен-жайын (ларын) қолдану секілді түрлі тәсілдер арқылы қатынасуы мүмкін. BlackBerry мәлімет, сауалнама, маркетинг материалдары, жарнама немесе оны BlackBerry-мен орнатқан ағымдағы бизнес қарым-қатынасыңыздың бөлігі ретінде сізге маңыздырақ жасау үшін теңшелетін мазмұн жайында байланысуы мүмкін. Мысалы, біз, сіз осындай байланыс алудан жазылуды болдырмай бас тартқан жағдайда және ол заңмен рұқсат болса, сіз осындай байланысты алуға толығымен келіскен жағдайда, сіз тегін қызметтерді олар жаранамаға тәуелді болса (профайл мәліметтеріне негізделген бағытталған жарнаманы қосқанда) немесе топтастырылған деректер немесе жасырын деректерді қолданған жағдайда жасаймыз. BlackBerry анда-санда сіз BlackBerry немесе BlackBerry таңдаған мақұлданған үшінші жақтардан қосымша хабарландырулар, жаңалықтар, ұсыныстар немесе BlackBerry және BlackBerry ұсыныстарына қатысты шақырулар алғыңыз келеді ме деп сұрауы мүмкін. Егер сіз BlackBerry демеушілік ететін не жартылай демеушілік ететін сайыстар, сауалнамалар, сараптау немесе басқа жарнамаларға қатысуға келісім берсеңіз, осы шақыруларға мүмкін байланысты Ескертуді сіздің жеке мәліметтеріңіз қалай қолданылатыны туралы егжей-тегжейлерді алу үшін оқып шыққаныңызға көз жеткізіңіз. Әдетте, жазылуды болдырмау жүйесі әр BlackBerry-нің маркетинг не коммерциялық байланысына қосылған. BlackBerry ұсынған маркетинг не коммерциялық байланысты басқару жөнінде көбірек мәлімет алу үшін, төмендегі **«Қалауларыңызды басқару»** тарауын қараңыз.

г) BlackBerry ұсынған қызметтерге қатысты байланыс

BlackBerry сондай-ақ сізге қызметтерге қатысты байланыс жіберуі мүмкін. Мысалы, BlackBerry сіз бірінші рет тіркелгеніңізде сізге қызметтер мен шарттар туралы хабарлау үшін, маңызды өзгертулер туралы ескерту үшін, жеке мәліметтер мен тіркелгіңізді қалай басқару туралы айту үшін, қызмет инфрақұрылым ескертулері немесе жаңартулар жайында мәліметтерді қамтамасыз ету үшін, кепілдік туралы мәліметті немесе өнімді қайтарып алу туралы немесе қауіпсіздік жөнінде ақпаратты қамтамасыз ету үшін қош келдіңіз деген электрондық хат не хабарлама жіберуі мүмкін. Осындай қызметтерге қатысты байланыс сіз BlackBerry ұсыныстарын пайдаланғанда маңызды болып табылады және сіз осындай байланыс жазылудан бас тартпасаңыз болады.

д) Мәліметтерді ортақ пайдалану

Осы құпиялық саясат бойынша, BlackBerry сіздің жеке мәліметтеріңізді BlackBerry-мен не біздің қызметтерді қамтамасыз етушілерімізбен ортақ пайдалана алады. Сондай-ақ, BlackBerry мәліметтеріңізді BlackBerry-ге кәсіби қызметтер көрсетететін қаржы, сақтандыру, заңды, бухгалтерлік немесе басқа кеңесшілерімізбен ортақ пайдалануы мүмкін. Сонымен қоса осы құпиялық саясатқа сай BlackBerry мәліметтерді сізге BlackBerry ұсыныстарын қамтамасыз етуге көмектесетін, қызметтерді қамтамасыз етушіңіздің эфирлық уақытын, ресми ресселерлер, дистрибьюторлар, жазбаларды сатушылар немесе төлемдерді өндірушілер, қосалқы мердігерлер немесе BlackBerry-нің жабдықтау немесе жөндеу тізбегіне қатысатын тұлғаларды қосқанда үшінші жақтармен ортақ пайдалануы мүмкін.

Сіз үшінші жақтардың ұсыныстарын сатып алып не қолданып отырған белгілі жағдайларда (мысалы ақылы мазмұнға жазылым қызметі, қотарылған бағдарлама) BlackBerry белгілі мәліметтерді үшінші

жақтармен, сізге өнім, қызмет не бағдармалық жасақтаманы қамтамасыз ету үшін ортақ пайдалануы мүмкін, сонда сіздің мәліметіңіз үшінші жақтың құпиялық саясатына бағынатын болады. Біз барлық өз пайдаланушыларымызды сондай үшінші жақтардың олардың өнімдерін, қызметтерін немесе бағдармалық жасақтамаларын сатып алу алдында құпиялық тәжірибелері туралы оқып шығуға шақырамыз.

Біздің қызметтерді қамтамасыз етушілеріміз мәліметерді өндеген кезде, BlackBerry шарт негізіндегі немесе басқа тәсілдерді қолданып қорғаудың салыстырмалы деңгейін қамтамасыз етеді. BlackBerry-нен алынатын жеке мәліметтерді қосқанда құпиялық мәліметті алатын үшінші жақтармен құпиялық міндеттемелер құру ол BlackBerry-нің құпиялық саясаты. Мысалы, BlackBerry жеке мәліметтерді жария етуге мәжбүр болған немесе заңмен рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, оларға сіздің жеке мәліметтеріңізді қамтамасыз ететін қызметтерді қамтамасыз етушілеріміз әдетте құпиялықта сақтауға және мәліметтерді тек олар талап етілген мақсат бойынша немесе тиісті заңдарға сәйкес келгенде келіседі.

BlackBerry-нің активтері толығымен не жартылай сатылған жағдайда, BlackBerry үшінші жақтағы сатып алушыны жеке мәліметтермен қамтамасыз етуі мүмкін.

BlackBerry үшінші жақтарды (мысалы, жарнама желілері) жарнамаларды BlackBerry өңдейтін профайл деректерінен алынатын жеке болып табылмайтын төлсипаттар не топтастырылған деректерге бағыттау үшін қолдана алады және сондай үшінші жақтарды жеткізілген жарнама жайында жалпы статистикамен қамтамасыз етеді. BlackBerry ұсынған маркетинг не коммерциялық байланысты басқару жөнінде көбірек мәлімет алу үшін, төмендегі **«Қалауларыңызды басқару»** тарауын қараңыз.

е) Үшінші жақтың ұсыныстары

BlackBerry сіз құрылғыңызда немесе BlackBerry-нің басқа ұсыныстары арқылы қотарып алып қолданатын барлық бағдарламалар мен қызметтердің иесі болып табылмайды немесе олармен жұмыс істемейді. Сіз үшінші жақтың ұсыныстарын қотарып пайдаланғаныңызда, құрылғыңыздағы не басқа BlackBerry ұсыныстары арқылы алынған жеке мәліметтер үшінші жаққа қол жетімді. Мысалы, үшінші жақтың ұсыныстары контакттар, күнтізбе жазбалары, электрондық пошта, орын туралы мәлімет секілді құрылғыдағы деректерді ала алады немесе құрылғыда (көсымша үшінші жақтың ұсыныстарын қосқанда) сақталған файлдарды алып не оларды ортақ пайдалана алады. Сіз сондай үшінші жақпен жасалған құпиялық саясаттар мен кез келген шарттарды, сондай тұлғалар сіздің жеке мәліметтеріңіз қалай өңдейтінін түсіну үшін қарап шығуыңыз керек, өйткені BlackBerry сіздің үшінші жақпен жасалатын қарым-қатынастарыңызға не олардың бағдарламаларына, өнімдеріне, қызметтеріне не бағдармалық жасақтамаларына жауапты емес. BlackBerry сондай үшінші жақтар олар сіз қолданатын үшінші жақ ұсыныстарға байланысты жинайтын кез келген жеке мәліметтерді қалай өңдейтінін тікелей бақыламайды.

Кейбір жағдайларда, сіз үшінші жақ ұсыныстарына берілген рұқсаттарды лайықтай аласыз. Сіз анданда осы рұқсаттарды, әдепкі рұқсаттарды қосқанда, сондай-ақ құрылғыңыздағы Параметрлер немесе Орнатулар мәзірін оның қауіпсіздігі және қол жетімді бақылаулар туралы көбірек білу үшін қарап тұруыңыз керек.

6. Жеке мәліметтеріңіздің дәлдігі

BlackBerry жеке мәліметтер ойдағыдай дәл, толық және жаңартылған деп куәландіру үшін тиісті қадамадр жасайды. Сондай-ақ, BlackBerry сіздің жеке мәліметтеріңізді керек болғанда жаңарту не түзету үшін сізге тәуелді болып тұрады.

7. Жеке мәліметтеріңізді қорғау

BlackBerry сіздің жеке мәліметтеріңізді жоғалу немесе ұрлану рұқсат етілмеген кіру, өзгерту не оның құпиялылық деңгейіне қарамастан жария студен қорғауға арналған өз физикалық, ұйымдық және технологиялық шараларын дамытуды жалғастырады. Мысалы, егер BlackBerry торабы сіздің атыңыз бен құпия сөзіңізді талап етсе, ол BlackBerry-ге жіберген жеке мәліметтердің жоғалуына, дұрыс қолданбауына, рұқсат етілмеген өзгертуіне қарсы түрлі қауіпсіздік шараларын қолданады. BlackBerry жұмысшылары BlackBerry-нің *Бизнес Стандарттары мен Принциптер Кодексі* арқылы жеке мәліметтермен дұрыс және құпиялы түрде жұмыс істеу, оларды қауіпсіз жерде және жүйелерде сақтау және сол мәліметтерді бизнес мақсатымен керек ететін адамдарға мәліметтерді алуын шектеудің маңыздылығын түсінді.

Оған қоса белгілі BlackBerry жүйелері мен процесстері үнемі BlackBerry ішінде куәландырылады (мысалы *ISO/IEC 27001:2005 Information Security Management System* стандарты бойынша берілетін сертификат).

а) Жеке мәліметтеріңізді қорғауға қатысты міндеттемелеріңіз

Сіздің де жеке мәліметтеріңізді қорғауға қатысты міндеттемелеріңіз бар. Сіз жалпы құпиялық қауіпсіздік тәжірибелерін қолданып жеке мәліметтеріңізге рұқсат етілмеген кіру қауібін азайта аласыз. Мысалы, сіз түрлі қызметтер үшін түрлі құпия сөздерді және жаңартылып тұратын антивирустық бағдарламаны қолданып, басқалары ойналықпен болжап біле алмайтын (мысалы, тыныс белгілерін, сандарды, үлкен және кішкентай әріптерді қосып және сіздің атыңызды немесе тіркелгі атыңызды қоспайтын тиісті ұзындылығы бар құпия сөзді таңдап) күрделі құпия сөзін жасау секілді құрылғыңызбен компьютеріңізге кіруді бақылау үшін тиісті қауіпсіздік шараларын қолдануға жауаптысыз.

Жоғарыда айтылғандай, кейбір жағдайларда, сіз үшінші жақ ұсыныстарына берілген рұқсаттарды лайықтай аласыз. Сіз анда-санда осы рұқсаттарды, әдепкі рұқсаттарды қосқанда, сондай-ақ құрылғыңыздағы Параметрлер немесе Орнатулар мәзірін оның қауіпсіздігі және қол жетімді бақылаулар туралы көбірек білу үшін қарап тұруыңыз керек.

Егер сіз BlackBerry өнімін басқа адамға не тұлғаға (құрылғыңызды BlackBerry не басқа тұлғаға жөндей, қалпына келтіру немесе ауыстыру үшін өткізу секілді) сатсаңыз, қайтарсаңыз не беріп жіберсеңіз, құрылғы және оған байланысты онда кез келген жеке мәліметтер немесе басқа құпиялы деректер бар болуы мүмкін (мысалы SIM карта, микро SD карталары) кез келген керек-жарақтары және перифериялы жабдықтары алынғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қоса, электрондық пошта мен деректер бұдан былай құрылғыға бағытталмайтындай (мысалы, жылжыту қызметтері, BlackBerry Internet Service арқылы жеткізілетін электрондық пошталар, қашықтан жасалатын сақтық көшірме) құрылғыңызды барлық электрондық пошта тіркелгілерінен айырып тастауыңыз керек. Ондай болмаса сіздің жеке мәліметтеріңіз сізден кейінгі пайдаланушыға қол жетімді болады және сіз жазылымға қатысып желі шығыстарына батасыз. Сіз өзіңізді қорғау үшін қандай қадамдар жасауыңыз керек екенін құрылғыңызда Параметрлер мен Орнату мәзірі арқылы, қолдау мақалаларын онлайн www.blackberry.com торабында іздеп немесе, сіздің қамтамасыз етушіңізге хабарласып оқи аласыз.

8. BlackBerry ұсынған ағымдағы ашық болуға тиісті жұмыс

BlackBerry ол жеке мәліметтерді қалай өндейтіні жөнінде пайдаланушылары оны жақсырақ түсіну үшін және құрылғыңыздағы немесе BlackBerry веб-тораптарында анда-санда қол жетімді болуы мүмкін құпиялы саясат, тиісті Ескертпелер және қосымша мәліметті қосқанда түрлі арналар арқылы

алынатын жеке мәліметтеріңізді қолдану жөнінде талғауды қалай жасау жөнінде мәліметтерді қол жетімді етіп жалғастырады.

9. Сіз жеке мәліметтеріңізге қатынаса аласыз

Жазбаша талап бойынша BlackBerry сізге ол сіз туралы жеке мәліметтерді сақтап отырма жоқ па деп хабарлайды және сізге жеке мәліметтеріңізге ұйғарынды мерзім ішінде тиісті заңдарға байланысты ең төмен бағамен немесе тегін қатынасуды мүмкін етеді. Егер сіз жеке мәліметтеріңізді дәлсіз немесе толық емес деп тапсаңыз, BlackBerry мәліметтеріңізді түзетіп үшінші жақтарға тиісті заңдар бойынша хабарлайды.

Белгілі жағдайларда, және тиісті заңдарға қарай, BlackBerry ол сіз туралы сақтаған сіздің барлық мәліметтеріңізге қатынасу бере алмауы мүмкін. Мысалы, BlackBerry мынадай жағдайларда қатынасу бере алмайды:

- Үшінші жақ туралы жеке мәліметтерді жария етуді қалау;
- Басқа адамның өміріне не қатерсіздігіне қауіп төніп тұрғаны нақты болса;
- BlackBerry не үшінші жақтың құпиялы мәліметтері ашылғалы тұрса;
- Адвокат не клиенттің сенімгер тұлға артықшылығымен қорғалған мәлімет; немесе
- Шартты бұзу не заңға үйлеспеді зерттеуге қатысты өңделген мәлімет.

Жеке мәліметіңізді рұқсат етілмеген қатынасуды қорғау үшін, BlackBerry сізді идентификациялау үшін, жеке мәліметтеріңізді қол жетімді жасау алдында сізден толық мәлімет сұрауы мүмкін.

Белгілі жағдайларда, және тиісті заңдарға қарай, BlackBerry белгілі қатынасу талаптарын орындамауы мүмкін (мысалы жөнсіз қайталанатын немесе қайталана беретін, тиімсіз не аса көп техникалық күш талап ететін қатынасу талаптары)

10. Сұрақтар немесе талаптарыңыз бар ма? Бізге қалай хабарласуға болады?

BlackBerry осы құпиялық саясат және сіздің жеке мәліметтеріңізді өңдеу тәсілдері жөнінде сұрақтар немесе аңғартпаларды алуға қуанышты. Егер қандай болмасын сұрақтарыңыз, талаптарыңыз болса немесе тиісті құпиялықты сақтау не деректерді қорғау заңдарына сәйкес жеке мәліметтеріңізді талап етсеңіз, бізге электрондық пошта арқылы не хат жазуыңызды сұраймыз, біз нәтижелі жолмен жауап беруге тырысамыз:

- электрондық пошта арқылы : privacyoffice@blackberry.com, не
- сізге ең жақын орналасқан осы BlackBerry кеңселерінің біреуіне жазыңыз:
 - **BlackBerry Privacy Office c/o BlackBerry (attention Legal Department), 2200 University Avenue East, Waterloo, Ontario, Canada N2K 0A7**
 - **BlackBerry Privacy Office c/o BlackBerry (attention Legal Department), 200 Bath Road, Slough, Berkshire, United Kingdom SL1 3XE**
 - **BlackBerry Privacy Office c/o BlackBerry (attention Legal Department), 1 International Business Park, The Synergy Building, 2nd Floor, Singapore 609917**

а) Қалауларыңызды басқару

Жалпы, сіз кез келген уақытта осы құпиялық саясат бойынша, заңды не шарт шектеулер және тиянақты дәлел негізінде BlackBerry-ге берген келісімнен бас тарта аласыз. Мысалы, сіз BlackBerry

ұсыныстарын кейбір мақсаттармен бізге еш жеке мәліметтеріңізді бермей қолдана алатыныңызға қарамастан, кейбір қызметтер үшін BlackBerry төлемді талап ететін қызметтерді немесе тіркелу немесе жазылуды болдырмау секілді болашақ қатынасқа араласуды қосқанда жеке мәліметтерді өңдеуді керек етуі мүмкін. Ондай болса, шарт бойынша BlackBerry соны істеуге міндетті немесе сіз BlackBerry-мен жасаған шарттың міндеттемелерін орындау керек болған жағдайда BlackBerry сіздің жеке мәліметтеріңізді қолдануды жалғастыруы мүмкін, өйткені сізді талап еткен қызметтермен қамтамасыз етуге тұра келуі мүмкін. Егер сіз BlackBerry-ге мәліметтерді беруден бас тартсаңыз немесе кешірек бізге хабрласып осы мәліметті қолдануға не жария етуге келіспеймін деп хат жазсаңыз, BlackBerry бұдан былай сізге еш BlackBerry ұсыныстарын қамтамасыз ете алмайды.

Маркетинг не коммерциялық байланыс: Сіз BlackBerry не BlackBerry® өнімдері, қызметтері, бағдармалық жасақтамалары туралы маркетинг не коммерциялық байланысты алуға жазылуды болдырмасаңыз болады :

- BlackBerry ұсынған кез келген маркетинг не коммерциялық байланыстың аяғында жазылуды болдырмау сілтемесіне нұқыңыз;
- өз қалауларыңызды мына веб-торапта www.blackberry.com/unsubscribe белгілеп; не
- мына мекен-жайға **BlackBerry Privacy Office c/o BlackBerry (attention Legal Department), 2200 University Avenue East, Waterloo, Ontario, Canada N2K 0A7** маркетинг не коммерциялық байланыстың қандай белгілі түрін бұдан былай алғыңыз келмейтінін айтып жазыңыз.

Cookie-лар: Жоғарыда айтылғандай сіз сондай-ақ BlackBerry Cookie-ларды қолдануын осы тәсілдердің біреуі арқылы өшіре аласыз:

- Cookie-ларды болдырмау үшін немесе Cookie жіберілгенде оны көрсететіндей браузердің параметрлерін өзгерте аласыз.
- Сіз браузердегі параметрлерді қолданып браузердің Cookie-ларын алып тастап не бұғаттай аласыз, бірақ сіз кейбір BlackBerry ұсыныстарын көре алмайсыз, өйткені ол дұрыс істемеуі мүмкін немесе қалауыңыз бойынша Cookie-ларды мүлдем өшіріп тастай аласыз.
- Белгілі Cookie-лар **өнімділігінен** тікелей <http://metrics.blackberry.com/optout.html> торабында өшіріп тастау

b) Осы құпиялық саясатқа енгізген өзгертулер

BlackBerry анда-санда осы құпиялық саясатты жаңартып отырады, сөйтіп ол маңызды және ауысып тұратын технологияларға, тиісті заңдарға, дамып отырған бизнес тәжірибелерімізге және пайдаланушыларымыздың мүдделеріне сай болып тұрады. BlackBerry сізді осы құпиялық саясатты анда-санда қарастырып BlackBerry сіздің жеке мәліметтеріңізді қалай өңдейтіні жөнінде хабардар болуыңызға шақырады. Егер осы құпиялық саясатқа өзгерістер енгізілсе, BlackBerry осы құпиялық саясатта көрсетілген «Соңғы жаңарту» мерзімін ауыстырады.

Егер өзгерген материалдар сізге әсер етсе, біз www.blackberry.com/legal торабында тез көрінетін ескерту жариялап пайдаланушыларды ескертеміз. Жағдайға қарай, біз сондай-ақ пайдаланушыларға ескертуді электронды түрде жіберуіміз мүмкін. Егер сіз BlackBerry ұсыныстарын өзгерту туралы ескерту жарияланған соң пайдалана берсеңіз, сіз осы өзгертулерді қабылдадыңыз деп саналатын боласыз.

Соңғы жаңарту 2014-09